

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 11 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 6 тамыздағы № 133 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 11-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 11 шешімімен бекітілген Қырғыз Республикасында Кеден одағының техникалық регламенттерін қолданысқа енгізу тәртібінің IV бөліміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) екінші абзацтағы "2019 жылғы 12 тамызға" деген сөздер "2021 жылғы 12 тамызға", "2021 жылғы 12 тамызға" деген сөздер "2023 жылғы 12 тамызға" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) үшінші абзацтағы "2019 жылғы 12 тамызға" деген сөздер "2021 жылғы 12 тамызға" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) төртінші абзацтағы "2021 жылғы 12 тамызға" деген сөздер "2023 жылғы 12 тамызға" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) алтыншы абзацтағы "2020 жылғы 12 тамызға" деген сөздер "2022 жылғы 12 тамызға", "2019 жылғы 12 тамызға" деген сөздер "2021 жылғы 12 тамызға" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қырғыз Республикасының Үкіметінен:

осы Шешім қүшіне енген күннен бастап Қырғыз Республикасының заңнамасында белігеленген тәртіпте уәкілетті органдардың айналысқа шығарылған өнімді бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыруын қамтамасыз ету;

2021 жылғы 12 тамызға дейін Қырғыз Республикасының мұнай өндөу зауыттарының Кеден одағының "Автомобиль және авиациялық бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалқыштарға арналған отынға қойылатын талаптар туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 013/2011) талаптарына сәйкес келетін автомобиль бензині мен дизель отынын айналысқа шығаруға сөзсіз көшуін көздейтін іс-шаралар кешенін жүргізу сұралсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң қүшіне енеді және 2019 жылғы 12 тамыздан бастап пайда болатын құқықтық қатынастарда қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК